

А.Е. Ахметсапа, Г.Н. Жолтаева, А.Б. Абуханова

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
(E-mail: aiguliyaboo_ahmetsapanova@mail.ru, gnzh1661@mail.ru,
agar-80@mail.ru)*

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттары

Аңдатпа. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың өзекті аспектілері, жалпы педагогикалық шығармашылық саласындағы әртүрлі көзқарастар мен зерттеулер және мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері қарастырылған. Теориялық зерттеулер мен бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындығының қазіргі жағдайына талдау жасалған. Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындық деңгейін анықтау мақсатында мұғалімдерге сауалнама жүргізу арқылы алынған статистикалық деректер ұсынылған. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындығының қазіргі жағдайын талдау негізінде көптеген мұғалімдер үшін шығармашылық қызметті жүзеге асыру проблемасының өзектілігі негізделген және осы бағытта зерттеуді қажет ететін негізгі мәселелер тұжырымдалған.

Сонымен қатар мұғалімдердің білімдерін, дағдыларын кеңейтуге деген қызығушылығы және кәсіби және шығармашылық құзыреттілік дағдыларын дамытуға деген ұмтылысы сипатталған. Бұл ретте, бұдан әрі нысықтауды талап ететін: білім беру процесіне қатысушылардың тиімді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру шарттары, оқушылармен жаңа технологиялар құралдары арқылы оңтайлы кері байланыс орнату, қазіргі білім беру ортасында жұмыс істеу кезінде мұғалімдердің іс-әрекеттерін түзету, мінез-құлықты сыни бағалау, оқу тапсырмаларын әзірлеуде мұғалімдердің дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, кәсіби шеберлік пен шығармашылық құзыреттілікті тиімді қолдану, топтық жұмыс пен жобалық қызметті ұйымдастыруға оқушыларды тарту және коммуникация сияқты көптеген проблемалар бар екені көрсетіліп, оларды зерттеу және әзірлеу перспективалары сипатталған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, мұғалім, мұғалім даярлау, шығармашылық, кәсіби-шығармашылық, шығармашылық іс-әрекет, кәсіби даярлау, кәсіби-шығармашылық дағдылар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-24-36>

Кіріспе

Қоғамдық және экономикалық өмірде болып жатқан өзгерістер білімді, жаңа жағдайларға тез бейімделуге, маңызды әлеуметтік үдерістерге оң әсер етуге, дербес ерекше ойлауға, мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге қабілетті жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу міндеттерін қойып отыр. Мұндай жағдайлар көптеген салаларда мамандардың қызметіне жаңа талаптар қояды. Олардың негізгілерінің бірі – мамандардың өз жұмыстарын шығармашылық көзқараспен орындау білігі мен дағдылары болуы.

Сондықтан қазіргі уақытта шығармашылық тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда шығармашылық және адамның шығармашылық іс-әрекетін

дамыту педагогика мен психологияның маңызды теориялық және практикалық мәселесі болып табылады.

Көптеген зерттеушілер (Ибрагимқызы Ш. [1], Левченко Т.А., Агранович Е. [2], Айтымова А.Н. [3], Қалтаева Г.К., Бекмағамбетов А.Ж. [4], Нуриев М.А [5], т.б.) осы мәселенің әртүрлі аспектілерін қарастыра отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін сәтті дамыту үшін мұғалімнің өз жұмысына шығармашылық көзқарастың қажеттілігіне назар аударады және оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыру әдістемесі бойынша ұсыныстар береді.

Дегенмен, мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін дамытудың ұйымдастырушылық және әдістемелік жағдайларына қатысты мәселе әлі де өзекті болып отыр. Өзектілік қарастырылып отырған мәселені жаңа жағдайда әрі қарай зерттеумен, осы уақытқа дейін жинақталған тәжірибені зерделеумен және жалпылаумен, мұғалімдерді дамыту бойынша ұсынылған құралдарды, әдістер мен жұмыс формаларын тексеру қажеттілігімен, сондай-ақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді әдістерін қолдану қажеттілігі мен мұғалімдердің оларды тәжірибеде қолдануға толық дайын еместігі арасындағы қайшылықтардың болуымен байланысты.

Сондықтан зерттеудің мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттарын анықтау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

1. бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындығының ағымдағы жағдайын зерделеу және талдау;
2. педагогтерді шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселелері бойынша теориялық зерттеулерді зерделеу.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістер пайдаланылды. Педагогикалық білім мазмұнының әлеуметтік тапсырыс талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында білім беру жүйесін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне талдау жасалды.

Педагог мамандарды даярлау білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы (ҚР) мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері ҚР «Білім туралы» Заңында көрсетілген (1 тарау, 3 бап) [6]; ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [7] негізгі бағыттардың бірі «білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту» болып анықталған, сондай-ақ бағдарламаны іске асыру бойынша міндеттердің бірі ретінде «5.1.1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту» қойылған; Педагогтің кәсіби стандартында [8] педагогикалық мамандықтың құндылығы көрсетілген.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша теориялық және ғылыми-практикалық материалдарды зерделеу, оның тың емес екенін, адам дамуының барлық салаларын қамтыған философия жүйесін құрған ежелгі грек философтары Сократ, Аристотель, Платон және т.б. ойшылдардың бұл мәселемен шұғылданғанын көрсетті [9, 10].

Сондай-ақ, Шығыс ойшылдары да адам табиғатының мәнін түсінуге, зерттеуге тырысқан. Олар адамның қоғамдық мәніне ерекше маңыз берген. Таяу және Орта Шығыс ойшылдары әл-Фараби, әл-Бируни, ибн Сина, әл-Ғазали өз еңбектерін тұлғаны үйлесімді дамыту, жетілдіру мәселелеріне арнады [11]. Мысалы, әл-Ғазалидің еңбектері адам қабілеттерін дамытуға арналды.

Шығармашылықтың психологиялық-педагогикалық аспектілерін және тұлғаның шығармашылық дамуын, оның ішінде баланың жеке тұлғасын дамыту мәселелерін Г. Айзенк, Д. Векслер, Дж. Гилфорд, Р. Стернберг, А. Танненбаум, Д.Б. Богоявленская, Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, В.И. Дружинин, В.А. Кан-Калик, В.А. Крутецкий,

А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, А.З. Рахимов және тағы басқа ғалымдар, сондай-ақ отандық зерттеушілер А. Қоңыратбаев, С. Тлешева, К. Жаманбаева, М. Мұхамедин және тағы басқалар зерттеумен айналысқан.

Қазіргі заманғы зерттеулерді талдау және педагогикалық білім беру тәжірибесі бұл мәселеге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі мектеп жағдайында мұғалімді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың кейбір аспектілері Р. А. Алтынбаева, Л. И. Дудина, Т. В. Орлова, С. П. Чернев және т. б. еңбектерінде талданды.

Сонымен қатар қазіргі мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің ұйымдастырылуына көзқарасын, бағалауын айқындау мақсатында, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті іске асыруға дайындығының деңгейін анықтауға деректер алуға мүмкіндік беретін сауалнама жүргізіліп, алынған деректерді статистикалық өңдеу жасалды.

Сауалнама 2021-2022 оқу жылының ақпан айында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындығының жай-күйін зерделеу үшін Алматы облысы орта мектептерінің 1-4 сыныптар және мектепалды даярлық сыныптары мұғалімдерімен жүргізілді. Сауалнама міндеттерінің бірі кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру кезіндегі проблемалар мен қиындықтарды, педагогтардың шығармашылық іс-әрекетті сәтті жүзеге асыру үшін құзыреттіліктерін арттыру түрлерін анықтау болды.


Сауалнамаға 114 адам, оның ішінде 93 – 1-4 сынып мұғалімдері, 21 – мектеп алды даярлық сыныбы мұғалімдері қатысты.

Сауалнама оқу процесіне тікелей қатысқан мұғалімдер арасында жүргізілді. Респонденттердің басым бөлігінің 44 (38,6%) еңбек өтілі 6-10 жыл болды, одан кейінгі үлесте 23 (20,2%) мұғалімнің еңбек өтілі – 11-15 жыл, 10 (8,7%) мұғалімнің – 16-20 жыл, 18 (15,8%) мұғалімнің – 21-25 жыл, 14 (12,3%) мұғалімнің – 26-30 жыл және 5 (4,4%) мұғалімнің - 30 жылдан жоғары болды.

Нәтижелер және талқылау

Сауалнама нәтижесінде мұғалімдердің шығармашылық кәсіби іс-әрекетті орындауға санасының бағдары бар екені анықталды. Осы мақсатта «Сіз өзіңізді шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайын деп санайсыз ба?» деген сұрақ қойылды.

1-суреттен көрініп тұрғандай, респонденттердің жартысынан көбі (58,1%) бұл сұраққа оң жауап берді, айтарлықтай бөлігі (34,9%) «белгілі бір дәрежеде» дайын және 7% теріс жауап берді. Бұл жалпы шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға деген оң көзқарасты көрсетеді.



Сурет 1. Мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындығы

Сауалнама нәтижелерін талдау кезінде оқу үдерісін шығармашылық іс-әрекетті жүргізу мен ұйымдастыруға мұғалімдердің кәсіби дайындығының дәрежесін белгілеу маңызды болды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің 65,1% шығармашылық іс-әрекетті жүргізуге дайынмын, бірақ кейбір нәрселерді қызмет барысында игеруге тура келеді деп санайды; 30,2% - дайындықтың жеткіліксіздігін және көп нәрсені игеру керек десе, 4,7% - дайын еместігін көрсетеді (2-сурет). Басқаша айтқанда, сауалнама жүргізілген мұғалімдердің көпшілігі «жүре бара» көп нәрсені үйренуге тура келетінін, яғни шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін алдын ала арнайы әдістемелік дайындық қажеттілігі туралы айтады.



Сурет 2. Мұғалімдердің оқытуда шығармашылық іс-әрекет жасауға дайындық дәрежесі

Шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асырудың бір маңызды аспектісі – білім беру ресурстары логистикасы.

Сауалнама көрсеткендей, респонденттердің 53,5%-ы мұғалімдерге арналған көмекші оқу әдістемелік құралдар және бастауыш білім берудің педагогикалық технологияларын пайдаланған, 37,2%-ы ресурстар және білім беру технологияларын қолдану бойынша ізденген, 9,7% -ы ресурстар және білім беру технологияларын қолдану бойынша білімдері жеткіліксіз болған (3-сурет).



Сурет 3. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда пайдаланған ресурстар, білім беру техногияларын анықтау

Алынған мәліметтерді бойынша мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда қажетті ресурстармен қамтамасыз етілгені: мұғалімдердің басым бөлігі өздеріне ең қолайлы және ыңғайлы ресурстарын пайдалану мүмкіндігіне ие болатыны, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекшеліктері мен айырмашылықтарымен танысатынын анықталды.

Келесі сұрақ шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда көмек алу қажеттілігін анықтаумен байланысты болды.

Бұл жерде сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 86,4%-ы қиындықтарды, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда құзыреттіліктің төмендігін және жұмыс істеу кезінде көмекке мұқтаждықты (оның ішінде 27,3%-ы – жиі, 59,1%-ы – жекелеген сұрақтар бойынша) сезінетінін атап өтті (4-сурет).

Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда негізгі проблемалар мен қиындықтардың арасында респонденттер мыналарды атап өтті:

- Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру дағдыларының немесе тәжірибесінің болмауы – 38,6%;
- Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырудағы қиындық – 27,3%;



Сурет 4. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда көмек алу қажеттілігін анықтау

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 34,1%-ы ғана шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда елеулі қиындықтарға тап болған жоқ (5-сурет)



Сурет 5. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру кезіндегі проблемалар мен қиындықтарды анықтау

Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда мұғалімдер үшін кездесетін проблемалар мен қиындықтардың бар екендігін ескере отырып, қандай көмек керек деген сауалға респонденттердің 50%-ы әдістемелік көмек қажет; 29,5%-ы ресурстарды (оқу-әдістемелік материалдар, білімді бақылау құралдары және т.б.) әзірлеуге көмек қажет, 5,5%-ы ішінара көмек қажет, 15,0% көмек қажет емес деп көрсеткен. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 85%-ы шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде қандай да бір көмек қажеттілігін көрсетті (сурет 6).



Сурет 6. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті көмек

Өртүрлі себептерге байланысты шығармашылық іс-әрекетке дайын емес мұғалімдерге қандай көмек қажет ететіндігін анықтау барысында сұралған респонденттердің жауаптары төмендегідей болды (7-сурет):

- Әдістемелік көмек көрсету - 47,4 %
- Шығармашылық іс-әрекет саласындағы құзыреттілікті кеңейту - 37,7%
- Ерекше білім берудегі қажеттілігі бар оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру – 10,5 %
- Ешқандай көмек көрсетудің қажеті жоқ - 4,4 %.

Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда мұғалімдер үшін әдістемелік көмектің маңызы жоғары және осы тұрғыда шығармашылық іс-әрекет құзыреттілігін арттыру қажеттілігі туындайды.

Шығармашылық іс-әрекет орындау бойынша арнайы білім алу, мұғалімдердің қосымша оқуға қажеттілігі зерделенді. Оның нәтижесін келесі диаграммадан (8-сурет) көрінеді: респонденттер арнайы білім алу қажет (иә, міндетті түрде сезінемін) – 52,6%-ы; біліктілікті арттыру курстары жеткілікті - 35,8%-ы; жоқ, маған қосымша білім қажет емес - 9,0%-ы және шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша жауап беруге қиналамын – 2,6%-ы деп жауап берді.



Сурет 7. Әртүрлі себептерге байланысты шығармашылық іс-әрекетке дайын емес мұғалімдерге қажетті көмек



Сурет 8. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігін анықтау

«Мұғалімдерді шығармашылық іс-әрекетке даярлау бойынша сіздің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқан респонденттер біліктілікті арттыру курстары, семинар, шеберлік сыныптары, әдістемелік көмек көрсету арқылы, тәжірибе алмасу, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау жоғары оқу орындарында (ЖОО) көбірек көңіл бөлінсе және басқа түрлерді көрсетті.

Осылайша, сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көпшілігі үшін шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру мәселесі өзекті болып табылады. Егер бұл міндет шешілмесе, онда шығармашылық іс-әрекет тиімділігінің, сондай-ақ оқушылардың білім сапасы деңгейінің төмендеуі ықтималдығы жоғары болады.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі шығармашылық іс-әрекетті жүргізу үдерісіне дайындалу қажет деп санайды.

Зерттеу барысында «Кәсіби-шығармашылық іс-әрекет ұғымын қалай түсінесіз?» деген сұрақ қызығушылық тудырды. Респонденттердің жауаптары мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті ұғымының мәні туралы білімнің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Әдебиеттерді оқып талдау қазіргі уақытта ЖОО-да бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды зерттеу үшін белгілі бір теориялық алғышарттар бар екенін көрсетті. Кәсіби педагогикалық білім берудің теориялық мәселелері И.С. Исаев, Л.И. Мищенко, А.И. Пискунова, В.А. Слостенина, Н.Д.Хмель, К.К. Жампеисова А.А. Бейсенбаева, Е.О.Жұматаева еңбектерінде баяндалған. Мұғалім тұлғасының қалыптасуы мен оның кәсіби даярлау үдерісін В.С. Ильин, И.В. Кузьмина, С.Т. Каргин, К.А. Абдимажитов, Қ.М.Кертаева, С.К. Абильдина, т.б. зерттеген. Бірқатар зерттеушілер (Г.Г. Горелова, В.И. Загвязгинский, Ю.П. Кулюткин) шығармашылықты кәсіби даярлаудың қажетті шарты ретінде қарастырады.

Кейбір зерттеулерде мұғалімді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мақсаты мен нәтижесі оның педагогикалық қызметті шығармашылықпен жүзеге асыруға дайындығы, ал мұғалімді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың тиімділігінің критерийлері болып оның дайындық деңгейін бағалаудың ерекше белгілері табылады деп көрсетіледі [12, 13, 14, 15, 16, 17, 18,19, 20].

Проблеманың жалпы жай-күйін талдау педагогтердің, психологтардың, әдіскерлердің кәсіби шығармашы мұғалімді даярлаумен байланысты теориялық және практикалық мәселелер бойынша елеулі жұмыс атқарылғанын көрсетті. Сонымен бірге мектепте шығармашылық іс-әрекетті қазіргі талаптарға сәйкес жүзеге асыра алатын мұғалімді ЖОО-да даярлау мәселесі әлі де жеткіліксіз зерттелгені көрінеді. Педагогика теориясында даярлаудың мазмұны мен құрылымы, критериалды сипаттамасы, бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекетке дайындық деңгейі жеткіліксіз ашылған, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде даярлаудың шарттары жеткіліксіз анықталған.

Осылайша, зерттеу нәтижелері мұғалімдерді, атап айтқанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселелерін одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Демек,

1. Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру білім, білік, дағдылары бар мұғалімдерді даярлауға ЖОО-да бас назар аударылуы керек.

2. Педагогтерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке табысты даярлауды қамтамасыз ету үшін педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттарды анықтау қажет.

3. Мұғалімдерді даярлау бағдарламасы педагогикалық шығармашылықты қалыптастыруға және дамытуға бағытталған арнайы модульдерді қамтуы мүмкін.

Осыған байланысты және зерттеу нәтижелері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау технологиясы келесі кезеңдерді қамтиды деп болжауға болады:

– жалпы дайындық (мақсаты: психологиялық-педагогикалық білім мен біліктер жүйесін қалыптастыру; шығармашылық іс-әрекеттің түрлі технологияларын іске асыру тәжірибесі);

– кәсіби-бағдарлы (мақсаты: мұғалімде шығармашылық іс-әрекетті іске асыруға дайындықтың дидактикалық және коммуникациялық құрамдастарын қалыптастыру);

– кәсіби-мамандандырушы (мақсаты: кәсіби-шығармашылық әрекетті жүзеге асырудың әдістемелік тәжірибесін қалыптастыру).

Қорытынды

Осылайша, философиялық идеяларды, кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің мәні туралы дидактикалық түсініктерді, білім алушыларды оқыту мен дамытуға байланысты психологиялық-педагогикалық зерттеулерді, сондай-ақ алынған эмпирикалық мәліметтерді талдау негізінде болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау технологиясын әзірлеудің алғышарттары анықталды, мұғалімдерді даярлау педагогикалық шығармашылық саласындағы құзыреттілікті қалыптастыруға және шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру әдістемесіне байланысты модульдерді қамтуы мүмкін. Зерттеу барысында мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға айрықша мән беру керектігі, қазіргі заманғы мұғалімге өзінің кәсіби әлеуетін жан-жақты арттыру үшін үнемі жұмыс қажет екендігі нақтыланды.

Сонымен қатар педагогтердің өз білім, біліктерін кеңейтуге мүдделілігін және кәсіби-шығармашылық құзыреттілік дағдыларын дамытуға ұмтылысы анықталды. Бұл ретте, әлі де пысықтауды талап ететін: білім беру үдерісіне қатысушылардың тиімді кәсіби-шығармашылық ұйымдастыру шарттары, жаңа технология құраддары арқылы оқушылармен оңтайлы кері байланыс орнату; педагогтердің заманауи білім беру ортасында жұмыс істеу кезіндегі іс-әрекеттерін түзету, мінез-құлқын сыни бағалау, педагогтердің оқыту тапсырмаларын әзірлеудегі дербестігі мен шығармашылық білігін қалыптастыру; оқушылармен топтық жұмыс және жобалық іс-әрекет ұйымдастыруда кәсібилік пен шығармашылық құзыреттілігін тиімді қолдану, коммуникацияларды және білім алушыларды тарту сияқты көптеген мәселелер бар екенін айтып өту керек.

Зерттеу нәтижелері педагогикалық білім беру бағыты бойынша жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жобалау кезінде, мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ибрагимқызы Ш. Ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру жүйесі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – №1(61). – Б.146-151.
2. Левченко Т.А., Агранович Е. Творческая компетентность как компонент профессионального мастерства педагога // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Педагогические науки». – 2017. – №1(53). – С.120-127.
3. Айтымова А.Н. Педагогтың шығармашылық және кәсіби-мәдени іс-әрекеттерін жетілдірудің өзекті мәселелері // М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2016. – № 3(32). – Б.13-18.
4. Қалтаева Г.К., Бекмағамбетов А.Ж. Инновациялық білім беру жағдайындағы педагогтың кәсіптік іс-әрекеті. // Педагогика және психология. – 2017. – №1(30). – Б.129-134.
5. Нуриев М.А., Советканова Д.М., Айнакулова А.М. Заманауи педагогтың тұлғалық болмысы // Педагогика және психология. – 2018. – № 2(35). – Б.18-25.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ (2021.08.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Электрондық ресурс]. – 2021. – URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30119920#pos=0;0 (қарастырылған күні: 21.02.2022).
7. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген. [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>. (қарастырылған күні: 21.02.2022).
8. Педагогтың кәсіби стандарты. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша. [Электрондық ресурс]. – 2017. – URL: https://atameken.kz/uploads/content/files/ПСПедагог_каз.pdf (қарастырылған күні: 21.02.2022).

9. Убогая Н.В. Развитие творческих способностей школьников в процессе обучения английскому языку: Дис. канд. пед. наук:13.00.01. – Воронеж: 2002. – 155 с.
10. Смирнова Н.М. Философия творчества. Сектор философских проблем творчества. – Москва: Интелл, 2016. – 314 с.
11. Джурицкий А.Н. История педагогики и образования. – Москва: Юрайт, 2013. – 676 с.
12. Казанцева В.В. Формирование творческой компетентности учителя начальной школы в самообразовательной деятельности: Автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.01. – Тверь, 2014. – 24 с.
13. Варлакова Ю.Р. Развитие креативности будущих бакалавров педагогического образования в вузе: Дис. канд. пед. наук: 13.00.08. - Красноярск, 2013. – 208 с.
14. Sawyer K. A Call to Action: The Challenges of Creative Teaching and Learning . Teachers College Record 117(10) University of North Carolina at Chapel Hill. – 2015.
15. Lapeniene D., Dumcieneb A. Teachers' Creativity: Different Approaches and Similar Results. Proceedings - Social and Behavioral Sciences 116. – 2014. – P. 279 - 284.
16. Левченко Т.А. Формирование креативного мышления будущих педагогов начального образования // Наука и жизнь Казахстана. – 2020. – № 7/2. – С.136-143.
17. Akpur U. Critical, Reflective, Creative Thinking and Their Reflections on Academic Achievement. Thinking Skills and Creativity. 2020. No. 100683.
18. Orazbayeva F., Bogenbayeva A., Yerkiybayeva G., Orazaliyeva E., Imankulova M., Akhmetzhanova G. Development of Students' Speech Using the Method of Creative Thinking, Education Research International. – 2022. – 15 p.
19. Hamroyev A. R. Modeling Teacher Activities when Designing Creative Activities of Students. International Journal of Culture and Modernity. – 2021. – P. 181–184.
20. Eleni Loizou, Evi K. Loizou Creative play and the role of the teacher through the cultural-historical activity theory framework International Journal of Early Years Education. – 2022. – Iss. 3. . –Vol. 30. – P.527-541.

А.Е. Ахметсапа, Г.Н. Жолтаева, А.Б. Абуханова

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Предпосылки подготовки будущих учителей начальных классов к профессионально-творческой деятельности

Аннотация. В статье рассмотрены актуальные аспекты подготовки будущих учителей начальных классов, различные подходы и исследования в области общего педагогического творчества и подготовки учителей к профессионально-творческой деятельности. Проанализированы теоретические исследования и современное состояние готовности практикующих учителей начальных классов к профессионально-творческой деятельности. Представлены статистические данные, полученные путем анкетирования учителей с целью определения уровня их готовности к реализации профессионально-творческой деятельности. На основе анализа современного состояния готовности учителей начальных классов к профессионально-творческой деятельности обоснована актуальность проблемы осуществления творческой деятельности для большинства учителей и сформулированы основные вопросы, требующие изучения в данном направлении.

Также описывается выявленная заинтересованность педагогов в расширении своих знаний, умений и стремление к развитию навыков профессионально-творческой компетентности. Отмечено, что существует множество проблем, требующих дальнейшей проработки, такие, как: условия организации эффективной профессионально-творческой деятельности участников образовательного процесса, установление оптимальной обратной связи с учащимися средствами новых технологий; коррекция действий педагогов при работе в современной образовательной среде, критическая оценка поведения, формирование самостоятельности и творческих умений педагогов в разработке учебных заданий; эффективное применение профессионализма и творческих компетенций, коммуникация и привлечение обучающихся к организации групповой работы и проектной деятельности с учащимися, описаны перспективы их разработки.

Ключевые слова: начальная школа, учитель, педагогическая подготовка, творчество, профессионально-творческая деятельность, творческая деятельность, профессиональная подготовка, профессионально-творческое мастерство.

A.E. Akhmetsapa, G.N. Zholtayeva, A.B. Abukhanova
Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

Prerequisites for the preparation of future primary class teachers for professional-creative activity

Abstract. The article discusses the current aspects of the training of future primary school teachers, various approaches and research in the field of general pedagogical creativity and teacher training for professional and creative activities. Theoretical studies and the current state of readiness of practicing primary school teachers for professional and creative activity are analyzed. Statistical data obtained by questioning teachers in order to determine the level of their readiness to implement professional and creative activities are presented. Based on the analysis of the current state of readiness of primary school teachers for professional and creative activity, the relevance of the problem of creative activity for most teachers is substantiated and the main issues requiring study in this direction are formulated.

It also describes the revealed interest of teachers in expanding their knowledge, skills and the desire to develop skills of professional and creative competence. It is noted that there are many problems that require further study, such as: conditions for organizing effective professional and creative activities of participants in the educational process, establishing optimal feedback with students by means of new technologies; correction of teachers' actions when working in a modern educational environment, critical assessment of behavior, formation of independence and creative skills of teachers in the development of educational tasks; effective application of professionalism and creative competencies, communication and involvement of students in the organization of group work and project activities with students, prospects for their development are described.

Keywords: primary school, teacher, pedagogical training, creativity, professional and creative activity, creative activity, professional training, professional and creative skills.

References

1. Ibragimkyzy Sh. Gylymi zertteu is-areketi arqyly bolashaq mamandardyn pedagogikalyq shygarmashylygyn qalyptastyru zhuiesi. Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalyq universiteti KhABARShY «Pedagogika gylymdary» seriiasy [The system of formation of pedagogical creativity of future specialists through scientific research activities. Abay Kazakh National Pedagogical University Bulletin Series "Pedagogical Sciences"]. 2019. No.1(61). P.146-151, [in Kazakh].
2. Levchenko T.A., Agranovich E. Tvorcheskaia kompetentnost kak komponent professionalnogo masterstva pedagoga. Vestnik KazNPU im.Abaia. Serii «Pedagogicheskie nauki» [Creative competence as a component of a teacher's professional skill // Bulletin of Abay KazNPU. Series "Pedagogical Sciences"], 2017. No.1(53). P.120-127, [in Russian].
3. Aitymova A.N. Pedagogtyn shygarmashylyq zhane kasibi-madeni is-areketterin zhetildirudin ozekti maseleleri. M. Kozybaev atyndagy Soltustik Qazaqstan memlekettik universitetinin habarshysy [Actual problems of improving the creative and professional-cultural activities of the teacher. Bulletin of the North Kazakhstan State University named after M. Kozybayev], 2016. No.3(32). P.13-18, [in Kazakh].
4. Kaltaeva G.K., Bekmagambetov A.Zh. Innovatsiialyq bilim beru zhagdaiyndagy pedagogtyn kasiptik is-areketi. Pedagogika zhane psikhologiya [Professional activities of a teacher in the context of innovative education. Pedagogy and psychology]. 2017. No.1(30). P.129-134, [in Kazakh].
5. Nuriev M.A., Sovetkanova D.M., Ainakulova A.M. Zamanai pedagogtyn tulgalyq bolmysy. Pedagogika i zhane psikhologiya [Personality of a modern teacher. Pedagogy and psychology]. 2018. No.2(35). P.18-25, [in Kazakh].
6. Qazaqstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319-III (2021.08.01. berilgen ozgerister men tolyktyrularymen) [Law of the Republic of Kazakhstan On Education]. Available at: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30119920#pos=0;0 (accessed 21.02.2022).
7. Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы: Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2019 zhylgy 27 zheltoqsandagy № 988 qaulysymen bektilgen. [State Program for the Development of Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025: approved by the resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 988]. 2019. Available at: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>. [in Kazakh]. (accessed 21.02.2022).

8. Pedagogtin kasibi standarty. «Atameken» KR Ulttyk kasipkerler palatasynyn Basqarma toragasyynyn 2017 zhylygy 8 mausymdagy № 133 buirygyna kosymsha. [Professional Standard of a teacher. Appendix to the order of the chairman of the Board of the National Chamber of entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan "Atameken"]. 2017. Available at: https://atameken.kz/uploads/content/files/PSPedagog_kaz.pdf [in Kazakh]. (accessed 21.02.2022).
9. Ubogaia N.V. Razvitie tvorcheskikh sposobnostei shkolnikov v protsesse obucheniia angliiskomu iazyku: Dis. kand. ped. nauk:13.00.01 . – Voronezh: 2002. – 155 s.
10. Smirnova N.M. Filosofii tvorchestva. Sektor filosofskikh problem tvorchestva. [Philosophy of creativity. The sector of philosophical problems of creativity]. (Moscow, Intell, 2016, 314 p.), [in Russian].
11. Dzhurinskii A.N. Istoriia pedagogiki i obrazovaniia [History of pedagogy and education]. (Moscow, Iurait, 2013, 676 p.), [in Russian].
12. Kazantseva V.V. Formirovanie tvorcheskoi kompetentnosti uchitelia nachalnoi shkoly v samoobrazovatelnoi deiatel'nosti: Avtoref. dis. kand. ped. Nauk [Formation of creative competence of primary school teachers in self-educational activities: Abstract. dis. candidate of Pedagogical Sciences]: 13.00.01. Tver, 2014. 24 p.), [in Russian].
13. Varlakova Iu.R. Razvitie kreativnosti budushchikh bakalavrov pedagogicheskogo obrazovaniia v vuze: Dis. . kand. ped. nauk: 13.00.08 [Development of creativity of future bachelors of pedagogical education at the university: Diss. . Candidate of Pedagogical Sciences]. (Krasnoyarsk, 2013, 208 p.), [in Russian].
14. Sawyer K. A Call to Action: The Challenges of Creative Teaching and Learning . Teachers College Record 117(10) University of North Carolina at Chapel Hill. 2015.
15. Lapenienea D., Dumcieneb A. Teachers' Creativity: Different Approaches and Similar Results. Proceedings - Social and Behavioral Sciences 116. 2014. P. 279 - 284.
16. Levchenko T.A. Formirovanie kreativnogo myshleniia budushchikh pedagogov nachalnogo obrazovaniia. Nauka i zhizn Kazakhstana [Formation of creative thinking of future primary education teachers. Science and life of Kazakhstan] 2020. No. 7/2. P.136-143.
17. Akpur U. Critical, Reflective, Creative Thinking and Their Reflections on Academic Achievement. Thinking Skills and Creativity, 2020. No. 100683.
18. Orazbayeva F., Bogenbayeva A., Yerkibayeva G., Orazaliyeva E., Imankulova M., Akhmetzhanova G. Development of Students' Speech Using the Method of Creative Thinking, Education Research International, 2022. P. 15.
19. Hamroyev A.R. Modeling Teacher Activities when Designing Creative Activities of Students. International Journal of Culture and Modernity, 2021. P. 181–184.
20. Eleni Loizou, Evi K. Loizou Creative play and the role of the teacher through the cultural-historical activity theory framework International Journal of Early Years Education. 2022. Vol. 30. Is. 3. P.527-541.

Авторлар турал мәлімет:

Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызы – I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс докторанты, Талдықорған, Қазақстан.

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, Талдықорған, Қазақстан.

Абуханова Ажар Базарбаевна – педагогика магистрі, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының оқытушы -дәріскері, Талдықорған, Қазақстан.

Akhmetzhanova A. – PhD student, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

Zholtaeva G. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

Abukhanova A.B. – Master of Pedagogy, Teacher-Lecturer, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.